Жаңаұйым жалпы орта білім беретін мектебінде
тәрбие саласы бойынша 1- тоқсанда өткізілген іс- шара мәліметтері.

01.09.2023 жылы «Мектебім, мерейлі мекенім» атты салтанатты алғашқы қоңырау өткізілді.

Салтанатты жиынымызға қадірлі қонақтар келді, қонақтар оқушыларды білім күнімен құттықтады. « Алмас қылыш » спорт клубынын төрағасы Төлеби ауданның, Ленгір қаласының құрметті азаматы, ҚР-на енбек сіңген жаттықтырушы спорт шебері Жанпейіс Жанібекұлы Жабаев, қамқорлық кеңесінің төрағасы : Бектуров Қыстау, ауыл қариялары. Аудандық білім бөлімінің әдіскері Әбдіқадыр Бағила . Мектеп директоры Толегенов Ильяс Мамырұлы ұстаздарды, оқушыларды алғашқы қоңырау «Мектебім мерейлі мекенім» атты салтанатты жиынында құттықтады.

Мектеп табалдырығын аттаған 1 сынып оқушылары алғашқы қоңырауда ән айтып билеу сәті.

Орындағандар:

ДТІЖО:	Б. Сариева
Ұйымдастырушы педагок:	А.Сейтова
ҚББП:	Д.Даулетбахова
Музыкаға жауапты:	К.Тулегенова
Аға тәлімгер:	Р.Бектурова

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп» кмм 20.09.2023 ж
„Президенттік„ сайлауға үміткерлер

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп» КММ Өзін-өзі басқару ұйымы сайлау мақсатында мектептің Аға тәлімгері Бектурова Рахат ұйымдастыруымен 8, 9, 10 сынып оқушылар арасында сайлау болып өтті. Сайлау ашық дауыс беру негізінде өткізілді. Сайлау қорытындысы бойынша :

1. 8-сынып оқушысы Батырғали Ерқанат -52 дауыс жинады,
2. 9-сынып оқушысы Өскен Ұлықбек -38 дауыс жинады,
3. 10-сынып оқушысы Утемуратова Жанерке -14 дауыс жинады,
4. 10- сынып оқушысы Қабыл Жансезім-23 дауыс жинады.

Басым дауысқа ие болған Батырғали Ерқанат Жұмаханұлы мектеп Президенті болып сайланды. Сайлауға оқушылар ашық дауыс беру арқылы қатысты.

Оқушылардың дауыс беру сәті.

Жәшік ашылуы және бюлетень санау сәтті.

Орындағандар:

ДТІЖО: Б. Сариева

Ұйымдастырушы педагог: А.Сейтова

Аға тәлімгер: Р.Бектурова

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп»
„Президенттік„ сайлауға үміткерлер

1	Батырғали Ерқанат	8-сын (52) дауыс
2	Өскен Ұлықбек	9-сын (38) дауыс
3	Утемуратова Жанерке	10-сын (14) дауыс
4	Қабыл Жансезім	10-сын (23) дауыс

Фракция мүшелері: 10-сынып

1	Құқық және тәртіп - фракцияның министрі	Мәлік Аян, Ибадила Жансеиіт
2	Ақпарат - фракцияның министрі	Қабыл Жансезім
3	Өзін -өзі және Бақыт фракцияның министрі	Ибадила Балқия, Байғон Арайлым
4	Экология және Еңбек- фракцияның министрі	Жұмаділла Ұлбике,
5	Мәдениет және Өнер - фракцияның министрі	Қошқарбай Бекарыс
6	Спорт - фракцияның министрі	Ибадилла Дархан
7	Дебат қозғалысы- фракцияның министрі	Жұмағұл Қарлығаш
8	Қамқорлық- фракцияның министрі	Утемуратова Жанерке

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп»
„Президенттік„ және „Жас Ұлан„ ұйымының сайлауға үміткерлер

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп» КММ «Жас Ұлан» ұйымының ұлан басын сайлау мақсатында мектептің Аға тәлімгері Бектурова Рахат ұйымдастыруымен 9- сынып оқушылар сайлау болып өтті. Сайлау ашық дауыс беру негізінде өткізілді. Сайлау қорытындысы бойынша :

1. 9-сынып оқушысы Кертай Іңкәр -16 дауыс жинады,
2. 9-сынып оқушысы Жұмағұл Аяулым -23 дауыс жинады,
3. 9-сынып оқушысы Сағын Бақдаулет -63 дауыс жинады,

Басым дауысқа ие болған Сағын Бақдаулет Бақытұлы «Жас Ұлан» ұйымының ұлан басшысы болып сайланды. Сайлауға оқушылар ашық дауыс беру арқылы қатысты.

Оқушылардың дауыс беру сәті.

Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі.

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 2023 жылы мұғалімдер күніне орай **«Дублер күні »** мектебіміздің **«Өзін өзі басқару »** ұйымының атсалысыуымен, мектеп әкімшілігінің қадағалауымен өткізілді. Мақсаты мектептегі **«Өзін-өзі басқару »** ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиет терін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қасиеттерін іске асыру.10-11 сынып оқушылары өздері қалаған, жандарына жақын пәндерге, мұғалімдерге дублер бола білді.

Ұстаздар мерекесіне орай **«Ұстаз ұлы тұлға»** тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Мектеп ұйымдастырушысы А.Сейтова, аға тәлімгер
Р Бектурованың және **«Өзін өзі басқару»** ұйымының атсалысыуымен, өткізілді. Мақсаты және концерттік бағдарлама ұйымдастырды.Оқушылар ұстаздарға ән салып , би биледі.

ДТІЖО: Б. Сариева
Ұйымдастырушы педагок: А.Сейтова
Музыкаға жауапты: К.Тулегенова
Аға тәлімгер: Р.Бектурова

Оқушылар ұстаздарға сертификат сыйлады

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 2023 жылы 1- қазан Қарттар күніне орай мектебімізде **«Өзін өзі басқару »** ұйымының атсалысыуымен, мектеп әкімшілігінің қадағалауымен

«Көп жасаған қария, ақылы - теңіз дария » атты іс- шара ұйымдастырылды. Мектептегі **«Өзін-өзі басқару »** ұйымы қарттар күніне арнап мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырды.Мерекелік концертке ауыл қариялары және ауыл әкімшілігі қонаққа шақырылды. Оқушылар қарияларымызға ән айтып,би биледі.Оқушылар қарияларларымызға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

ДТІЖО: Б. Сариева

Ұйымдастырушы педагок: А.Сейтова

Музыкаға жауапты: К.Тулегенова

Аға тәлімгер: Р.Бектурова

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 13 қыркүйек күні 2023 жылы сағат 15-00 де **қыздар жиналысы ұйымдастырылды.**

Мектеп медбикесі: Туякбаева Акмарал 5-11 қыздарына жеке бас гигиенасын сақтауды түсіндірді

ДТІЖО:	Б. Сариева
Ұйымдастырушы педагок:	А.Сейтова
Мед бике:	А.Туякбаева
Аға тәлімгер:	Р.Бектурова

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде ұлдар жиналысы ұйымдастырылды.

ДТІЖО:	Б. Сариева
АӘТД пән мұғалім:	Ғ. Ағабеков
Дене/ш пән мұғалімі:	Н.Набиев
Ұйымдастырушы педагок:	А.Сейтова
Мед бике:	А.Туякбаева
Аға тәлімгер:	Р.Бектурова

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебі.

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 25 Қазақстан Республика күні мақсаты: Оқушыларды өз Отаның сүюге, қазақ екенің Қазақстанда тұратының мақтаныш етуге, Елін, Туын Елтанбасын Ән ұраның қастерлеуге тәрбиелеу.

Республика күніне орай Гимн айту челленджі «Егеменді елімнің Гимні» 25-қазан

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп» КММ

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 08.11.2023 ж 7-11 сынып аралығында «Күз ханзадасы мен күз ханшайымы» атты күзгі бал ұйымдастырылды.

Байқаудың негізгі мақсаты. Оқушылардың сахналық мәдениетін қалыптастыру, сайысқа қызығушылығын арттыру. «Күз ханшайымы және күз ханзадасын» анықтау.

Оқушылардың таныстыру сәтті.

ДТІЖО: Б. Сариева

Ұйымдастырушы педагок: А.Сейтова

Аға тәлімгер: Р.Бектурова

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 2-6 сыныптар аралығында **«Күз сыйы»** тақырыбында көкөністермен, кепкен дәнді дақылдардан күзгі композиция жасаған. Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Көкөністер мен жемістердің пайдасы туралы түсінік беру. Жарысқа деген қызығушылығын дамыту, тазалыққа , еңбек сүйгіштікке ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Сайыс соңында жеңімпаздар анықталып, сайысқа қатысқан барлық оқушылар мадақтама және жүлделі сыйлықтармен марапатталды.

КУЗ
СЫЙЫ
2023

ДТІЖО: Б. Сариева

Ұйымдастырушы педагог: А.Сейтова

Аға тәлімгер: Р.Бектурова

«Жаңаұйым жалпы білім беретін мектеп» кмм Республикалық бірыңғай Жас ұлан балалары мен жасөспірімдер ұйымының салтанатты рәсімін өткізу сценарийі.

Өтетін күні: 14.12.2023 ж
Өтетін орны: Спорт залы

Жүру барысының жоспары:
1. Жүргізуші сөзі
2. ҚР Мемлекеттік Гимні
3. Рапорт беру
4. Ту кіргізу, ұйымның әнұранын орындау
5. Қонақтарды таныстыру, сөз беру
6. «Жас Қыран» « Жас Ұлан» ұйымына қабылдау рәсімі, ант беру
7. Ту шығарылады

І.жүргізуші: Қайырлы күн құрметті ұстаздар, қонақтар және оқушылар! Бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына ұлдар мен қыздарды қабылдау салтанатты жиынына қош келдіңіздер!

ІІ жүргізуші: Бүгінгі салтанатты жиынымыздың мәртебелі қонақтары.

1. **Мектеп директоры:** Толегенов Ильс Мамырұлы
2. **Оқу ісі жөніндегі орынбасары:** Маумов Қуаныш Жанатбекович
3. **Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** Сариева Бибаһажар Әлишерқызы
4. **Бейіндік ісі жөніндегі орынбасары:** Қарабалаева Қарлығаш Амантайқызы
5. **Мектебіміздің Қазақтілі мен Әдебиет пән мұғалімі:** Куралова Сабира Елюбайқызы

ІІ жүргізуші: Мектеп, түзулен, тік тұр! Назар ортада Қазақстан Республикасының гимні орындалады!

І-жүргізуші: «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау рәсіміне көше отыра, алдымен ұйымның мақсат, міндет, ережелерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер!
«Жас Ұлан» ұйымының **негізгі мақсаты** – оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
міндеттері — әлеуметтік тәжірибені байыту және дамыту, мектептегі тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру болып табылады.

ІІ-жүргізуші: «Жасұлан» ұйымының әрбір мүшесі: Қоғамдық өмірде, тұрмыста, қазақ ұлттық болмыста, халықтық келбетпен қалыпты сақтай отырып, ата-анасын шынайы

сыйлап, олардың өнегелі қасиеттерін бойға сіңіріп, өсиеттерін орындауды перзенттік парыз! Туған елін шексіз сүю!

І жүргізуші: Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук тағу керек және Республикамыздың мемлекеттік нышандарын құрметтеп, мемлекеттік әнұранды жатқа айту керек. Қазақ тілін еркін меңгеріп елдің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін жақсы білу, дамыта түсу сақтау үшін ынталы еңбектенетін болады.
ІІ.жүргізуші: Бүгінгі жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін бірыңғай «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2-сынып оқушыларын және «Жас Ұлан»

жасөспірімдер қоғамдық ұйымы қатарына 5- сынып оқушыларын қабылдау үшін ортаға Республикалық **«Жас Ұлан» ұйымының туы алып келінсін.**
(оқушылар туды алып шығады)
(Әуен ойналып, Көк тудың желбірегені, әуені мен ту ортаға әкелінеді)

ІІ жүргізуші: Республикалық Бірыңғай Жас Ұлан балалары мен жасөспірімдер ұйымына қабылдайтын оқушылар ант беруге дайын ба?

Оқушылар: Дайынбыз

Ұланбасшы Бақдаулеттің рапорты: (саптық адыммен шығып рапорт тапсырады)
Құрметті, мектеп директоры! Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп оқушылары Республикалық «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» қабылдау салтанатты жиынына дайын.
Рапорт тапсырушы топ басшысы-Сағын Бақдаулет.

Мектеп директоры: Рапорт қабылданды , еркін тұр!

Ұланбасшы: Мектеп еркін тұр! Ант беруге дайын бол!

АНТТЫҢ МӘТІНІ:

Мен, _____, Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына кіре отырып:
Өз Отаным – Қазақстан Республикасының патриоты болуға;
Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;
Туған елім, жерім, Отанымды мақтаныш етуге;
Ата-анамды қадірлеуге;
Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;

Білімге табандылықпен ұмтылуға;

Салауатты өмір салтын ұстануға;

Табиғатты аялауға;

«Жас Ұлан» Ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымнан талап етуге ант етемін.

Біздің жерлестеріміздің даңқты ерлігі өнегесі негізінде ерлікке үйренуге және Отанға шексіз қызмет етуге салтанатты түрде

АНТ ЕТЕМІЗ! АНТ ЕТЕМІЗ! АНТ ЕТЕМІЗ!

II жүргізуші: Құметті ұстаздар, оқушылар, сіздерді «Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымына қабылданған оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстук және төс белгілерін табыстау рәсіміне шақырамыз.

(мектептің мұғалімдері мен сынып жетекшілер галстук пен төсбелгілерін тағуға шығады)

I жүргізуші: Құттықтау сөз кезегі мектебіміздің директоры Толегенов Ильяс Мамырұлына беріледі.

II жүргізуші: «Жас Ұлан» ұйымының әнұраны орындалсын! (Хор)

Жас үландар әні (Әні мен сөзін жазған Ұ.Жаналиева)

1. Біз ұланы қазақ елінің
   Туған жерін, сүйген Отанын.
   Әке жолын, ана мейрімін,
   Бойға жиған қасиетін.

Қ/сы Жас ұлан, қалыспа,
Қырандайқарышта.
Еіміздің абыройын
Асқақтатып әлемге
Нық ұстайық байрағын!

2. Көп білуге ұмтыламыз
   Өнер, білім,ғылымға.
   Кеудемізде ар мен намыс
   Жетелейді бізді алға. **Қ/сы**

II жүргізуші: «Жас Ұлан» ұйымының туы көтеріледі.
Ортадан «Жас Ұлан» ұйымының туы алып кетілсін.

I жүргізуші: Құрметті, ұстаздар мен оқушылар осымен «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау рәсімін жабық деп жариялаймыз. Қош,сау болыңыздар!

Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай Өзін-өзі басқару және «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастырумен, Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» ұйымына қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиыны өтті.

Мақсаты: Өскелең ұрпақтың бойына патриоттық тәрбие беру. Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілігін қалыптастыру.

2ª –сынып 12- оқушы, 2ᵃ - сынып 14- оқушы , «Жас Ұланға» 5ª – сынып 16 -оқушы, 5ᵃ- сынып 15-оқушы ант айтып қабылданды. Төс белгі мен галстук тағу рәсімге мектеп әкімшілігі, ұстаздар мен оқушылар қатысты.

"Жас Ұлан",
"Жас Қыран" ұйымы

Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 15-желтоқсан күні Қазақстан Республикасының **Тәуелсіздік мерекесіне** орай «Ұлттық рух-Тәуелсіздік тірегі» тақырыбындамерекелік салтанатты іс-шара өткізілді.

Мақсатты: Оқушыларға Тәуелсіздіктің кімдердің қанымен, қандай ауыртпалықпен келгендігі туралы оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды бойларына дарыту. Оқушыларға туған жерін, елін, Отанын сүюге, патриоттық тәрбие беру. Іс-шара барысында, мектепте кіре беріс дәліздеріне тақырыпты ашатындай суреттер және бейне баяндар қойылды шарлармен безендірілді. Оқушылар Тәуелсіздік туралы өлеңдердімәнерлеп оқып, «Желтоқсан желі» тақырыбында көріністер ұйымдастырылып күй тартылып, ән , би және хормен концертіміз аяқталды.

Оқушылардың хор айту сәті.



Оқушылардың ән ату және би билеу сәті

Оқушылардың «Желтоқсан желі » тақырыбында көрініс көрсетту сәтті

ДТІЖО: Б. Сариева

Ұйымдастырушы педагок: А.Сейтова

Музыкант: К.Толегенов

Аға тәлімгер: Р.Бектурова

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп» кмм-де **24 қазан күні «Туған елім-Қазақстаным»** тақырыбында 1-6 сыныптар арасында үй жұмысы ретінде сурет салды. Осы сыныптардың оқушылары түгел атсалысты. Мадақтамалар, үздік орындар «Жас суретші», «Қыл қалам шебері», «Тапқыр суретші» номинациялары берілді.

25 қазан - Республика күні !
25 ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІ

25
қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ
8 сынып

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында «Үш құндылық-ұлттық мүдде, ар-ұят, талап» тақырыбында мектепшілік **көңілді тапқырлар алаңы** өткізілді. Іс-шараға 6 команда қатысты.

Олар:

1. А.Т.Сейтова командасымен,
2. Р.К.Қасымханқызы командасымен,
3. Д.С.Даулетбахова командасымен,
4. М.Т.Абильдаева командасымен,
5. А.М.Жұмаділла командасымен,
6. Ж.Ж.Тұрлыбек командасымен.

I - орынды Р.К.Қасымханқызы командасымен
II - орынды А.М.Жұмаділла командасымен
III - орынды Д.С.Даулетбахова командасымен иеленді.

Бірінші орынға кубк және кино театрға жолдама тағайындалды. Ісшара өз деңгейінде керемет өткізілді. Көрермендер өте жақсы деген бағалар қойылды.

КТА
ҮШІНШІ

КТА

Әділ қазылардың бағалау сәті

Жанкүйерлердің қолдау көрсету сәттері

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Маумов. Қ мараппаттау сәтті

ДТІЖО: Б. Сариева
Ұйымдастырушы педагок: А.Сейтова
Аға тәлімгер: Р.Бектурова

Жаңа – ұйым жалпы білім беретін мектебінде 7.12.2023жылы даярлық тобы,1,2а,2ә,3,4 сынып оқушыларының арасында **« Жаңа жыл-2024 !»** атты

жасыл шырша мерекесі өткізілді.Мерекелік іс - шара барысында (Ақшақар, Аяз-ата Анна , Элза,Ола , Малифицентра) ертегі қойылымы бойынша көрністер көрсеті. Көңілді ойындар ұйымдастырылды. Оқушыларға ертегі кейіпкерлері ерекше көңіл күй сыйлады . Оқушылар қызықты қойылымдарды тамашалап,ән айтып, би биледі.Аяз ата мен Ақша қар оқушыларға арнайы тәтті сыйлықтар таратып , әдемі көңіл-күй сыйлады. Дайындық тобының би билеу сәтті.

1,2,3,4 сынып оқушылары өз өнерлерін көрсету сәттері.

Аяз ата мен ақшақардың келу сәті.

5,6,7 сынып оқушылары өз өнерлерін көрсету сәттері.

ДТІЖО:	Б. Сариева
Ұйымдастырушы педагог:	А.Сейтова
Музыкант:	К.Толегенов
Аға тәлімгер:	Р.Бектурова

8,9,10,11 сынып оқушылары би билеп, мұғалімдерге ойын ойнату сәтті

Жаңаұйым жалпы білім беретін мектебінде 30.10.2023-03.11.2023ж аралығыдағы күзгі демалыс кезінде оқушылармен ұйымдастырылған іс шараның мәліметтері.

Мектеп оқушыларының күзгі демалысы мен Өзін-өзі басқару ұйымы және мұғалімдер арасында бос уақытын тиімді өткізу кезіне жоспар жасалып бекітілді . Жоспарға сәйкес

30-қараша күні 8,9,10 сыныптар арасында **« Волейбол ойыны»** ұйымдастырылды. Нәтижесінде 10 сыныптардың оқушылары жеңіске жетіп мадақтамалармен марапатталды.

ДТІЖО: Б. Сариева

Ұйымдастырушы педагок: А.Сейтова

Аға тәлімгер: Р.Бектурова

Аудан білім бөлімінің 11.01.2024 жылғы № 41 бұйрығына сәйкес 12.01.2024 жылы сағат 09:30-да аудандық білім бөлімінің мәжіліс залында кәмелетке толмағандардың қатысуымен орын алып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет» тақырыбында профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды. Оған Аға тәлімгер Бектурова Р мен Мектеп Презизенті 8-сынып оқушысы Батырғали Е пен құқық қорғау министрі 10-сынып оқушысы Мәлік Аян қатысты. Облыстық прокуроры мен Төлеби ауданының білім бөлімі Тойлыбаев Б мен тәрбие саласының методисі Қырбасов Н. психолог методисі Дарганова Әсел қатысты. ОБЛ-прокуроры бүгінде буллинг әлем мектептерінде кеңінен таралып отыр. Қазақстанда әрбір үшіншіжасөспірім құрдастар тарапынан қысымға ұшырап буллингтің құрбанына айналды. Ең сорақысы,мұның арты өлімен аяқталуыда мүмкін. Қарапайым тілмен айтқанда буллин дегеніміз-адамның өзгеге күн көрсетуі қорлауы. Ал психолог Дарганова Ә былай деді. Буллингтің кез келген түрі қауіпті физикалық қысым, жаман сөздер айту келемеждеу, өсек пен өтірік тарату және шеттеуден тұратын айтты. Оқушылардың 90% пайызы сотка тәуелді. Сондықтан осы әлеуметтік желі арқылы да неше түрлі нәрселер айтып қорлайды.

Аға тәлімгер: Р.Бектурова



Аудандық білім бөлімінің 16.01.2024 жылғы № 68 бұйрығына сәкес 24 қаңтар күні сағат Түркістан облысында мектеп парламенті 10:00 де және білім алушылардың өмір қауіпсіздігі мәдениетінің базалық деңгейін қалыптастыру мақсатында, аудан аралық онлайын арқылы өтетін вебинарға 10-сыныптың экология министрі Жұмаділла Ұлбике қатысты. Онлайын жиналысында түрлі төтенше жағдайлардың қауіпсіздік мәдениет қалай сақтану керектігін айтып өтті. Судағы қауіпсіздік шаралар, дауылдар, жердің сейсмикалық белдеулер туралы түсіндіріп кетті және пайда болу себептері бойынша айтып өтті.



Тәлеби аудары, Бірінші мамыр м...
Пользователь Zoom
Вы просматриваете экран ДЧС Туркестанской области
Настройки просмотра
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ:
ТЖ
ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ БОЙЫНША
ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ
ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ
Активация Windows

Тәлеби аудары, Бірінші мамыр м...
Пользователь Zoom
Тәлеби аудары Курманбекова Ма...
Galaxy S20+
Вы просматриваете экран ДЧС Туркестанской области
Настройки просмотра
СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ:
СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ
ҚҰТҚАРУ БІРЫҢҒАЙ НӨМІРІ
112


Телеби ауданы, Бірінші мамыр м...
Пользователь Zoom
Вы просматриваете экран ДЧС Туркестанской области
Настройки просмотра
ДАУЫЛДАР
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
ДАУЫЛДЫ ЕСКЕРТУ!
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАҒАН ЖАҒДАЙДА ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК
Aziz Urmanshi... To Группа...
Телеби ауданы "Жыланбұрған"


Телеби ауданы, Бірінші мамыр м...
Пользователь Zoom
Вы просматриваете экран ДЧС Туркестанской области
Настройки просмотра
Жердің сейсмикалық белдеулері
1.Жерорта теңізі-Трансазия белдеуі Парсы шығанағының жағалауынан басталып, Атлант мұхитының ортасында аяқталады. Бұл белдеу еңдік деп те аталады, өйткені ол экваторға параллель созылады.
2. Тынық мұхиты белдеуі – меридиандық, ол Жерорта теңізі-Трансазия белдеуіне перпендикулар созылады. Дәл осы белдеудің сызығына қонитеген белсенді жанартаулар орналасқан, оларды аяқталуына көп бөлігі Тынық мұхитының су бағанының астында жүреді.


Жоспар:
1. Темекі
2. Темекі шегуден туындайтын аурулар.
3. Алдын алу шаралары

« Жаңаұйым жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26 қаңтар күні сағат 10:00 де білім алушылардың жеке тәртіп мәдениетін қалыптастыру мақсатында , аудан аралық онлайын арқылы отетін вибинарға құқық және тәртіп министрі Мәлік Аян 10-сынып оқушысы қатысты. Жумагельдиева Зарина өз сөзінде Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы туралы айтып өтті. Мектепте зорлық зомбылық, буллингке жол бермеу және тазалық, форма т.б. Фракция мүшелері өнемі мектептегі тәртіпті бақылап отыру керектігін айтып өтті.








Zoom
Выйти
Участники
Чат
Реакции
Участники (100)
Поиск
Жаңа-үйым жббм Малік...
Облыстық қос...
Бөген
iPhone
Пригласить



Мәлімет 10.01.2024ж

«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы») / асық ату, арқан тартыс/сынып аралық спорттық сайыс өткізілді мектептегі дене шынықтыру пән мұғалімдері Набиев Н, Орақбаев Б жетекшілік етіп, жарысты жүргізіп отырды. Жеңіске жеткен оқушыларды марапаттап мадақтады. Өткізілген іс шара әлеуметтік желіге жарияланды. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор,адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.**Талап құндылығыдағы Салауатты өмір салтын ұстану . Дұрыс қарым қатынас орната білу.

Төлеби ауданы, білім бөліміне қарасты «Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 5-7 сынып оқушылары арасында **«Мақал -сөздің азығы, жұмбақ - ойдың қазығы»** тақырыбында сайыс сабақ өткізілді.Мақсаты: Халық ауыз әдебиетін пайдаланып, оны орынды қолдана білуге шаршы топ алдында сөз жүйесін таба білуге үйрету.

Ұлттық мүдде: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Ұлттық мәдениетті дәріптеу

МАКАЛ
СӨЗАГН
АЗЫБЫ



Абай Дана
Абай Дана

Мәлімет

Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты 04.03.2024 жылы «Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде» **көркемөнерпаз байқауына** қатысып өз өнерлерін көрсетті.

Байқаудың мақсаты: Балалар мен жасөспірімдерге эстетикалық тәрбие беру, дарынды оқушыларды анықтау.

Көркемөнерпаз байқауында сахнада шыққан өнерпаз оқушылар көрермен қауымының ыстық ықыласына бөленді. Оқушылар қазақтың салт –дәстүрін дәріптеп туған елге ,туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттырып , патриоттық сезімдерін көрсетті.Оқушыларымыз туған жер туралы әндерді орындап, мың бұралған билерді де биледі. Барлық мектеп оқушылары тыңғылықты дайындықпен келген.Атап айтқанда бишілер биі,көркем сөз сайысы ,ән айту,сазды аспапта .Әділ қазы мүшелеріне ұнағаны «Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінің»сахнаны безендіруі, Тақырыпқа сай . дизайны ерекше екендігін айтып өтті. Әр округтен үздік дік деп танылған мектептер аудандық іс-шараларға жолдама алды.

Қазақстан-біздің жалғыз ғана Отанымыз
ҚАЗАҚСТАН

Отанымыз
АЗАҚСТАН

Қазақстан-біздің жалғыз ғана Отанымыз
ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан-біздің жалғыз ғана Отанымыз

Орындағандар:

ДТІЖО:	Б. Сариева
Ұйымдастырушы педагог:	А.Сейтова
Музыкаға жауапты:	К.Тулегенова
Аға тәлімгер:	Р.Бектурова

Мәлімет

Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты 07.03.2024 жылы **«Әншуақ»** қазақ тіліндегі ән фестивалінің іс-шара жоспарына сәйкес «Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде» 8- наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында 7.03.2024 жылы «**Асыл ана!»** тақырыбында өзін өзі басқару ұйымы мен 7-8-9-10-11 сыныптың ұл балдары ұстаздарға арнайы мерекелік концерт ұйымдастырды .

Мақсаты:.Оқушыларға Ананы апа-әжелерді қарындастарын сыйлауға,құрметтеуге тәрбиелеп . адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жақсы қабілеттерін дамыту.

Мерекелік концертте 1-2-3-4 сыныптың бастауыш сынып оқушылары « Ана » әнін хормен айтып, мәнерлеп өлең оқыды.«Болашақ»би тобының бишілері құс биін билеп ,көрермендердің көңілін көтерді. Мерекелік концерт ұстаздар мен мектеп оқушыларына керемет көңіл күй сыйлады !

АЗАКСТА

Қазақстан-біздің жалғыз ғана Отанымыз
ҚАЗАКСТА

АСЫЛ
АНА!
ЗАКСТА

ЗАКСТА

ЗАКСТ

ЗАКСТ

Орындағандар:

ДТІЖО:	Б. Сариева
Ұйымдастырушы педагог:	А.Сейтова
Музыкаға жауапты:	К.Тулегенова
Аға тәлімгер:	Р.Бектурова

Мәлімет

Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты, "Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде" **1-наурыз Алғыс айту** күніне орай "Ізгіліктің бір ізі- алғыс айту " тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымының министрлерінің ұйымдастыруымен іс -шара өткізілді .Оқушылар ,ұстаздарды,мектеп қызметкерлерін Алғыс айту мерекесімен құттықтады.
Мақсаты : Ұлттық , отбасылық , сыйластық құндылыққа тәрбиелеу.Ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру. « Алтын жүрек » Өзін-өзі басқару ұйымы .

ік - білімдінің қасыры”

Орындағандар:

ДТІЖО: Б. Сариева

Ұйымдастырушы педагок: А.Сейтова

Аға тәлімгер: Р.Бектурова

Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты, "Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп" КММ

Мәлімет

18-наурыз Өзін-өзі басқару ұйымымы ұйымдастыруымен **«Ұлттық киім»** күніне орай 4-сынып оқушыларымен және сынып жетекшісі Қарабалаева Қарлығаш апайымыз бастаған ұлтымыздың құндылығы және рухы челленджі. (Әлеуметтік желіге жарияланды)

Түркістан облысы Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде он күндік **«Наурызнама»** жоспарына сәйкес 19-наурыз **«Жаңару күні»** өткізілді. Наурыз мезгілінде табиғат жаңарып, қайта жаңданып, түрленетін кез. Осы орайда мектеп ауласына көшет отырғызу дәстүрі жалғасып мектеп ұжымы мен оқушылары көшет егу жұмыстарын жүргізді.

Мәлімет

Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты, "Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп" КММ

Мәлімет

Қазақстан Республикасының Президентінің наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған 15.03.2024 жылы наурызнама жоспарына сәйкес **«Жақсылық жасауға асығайық»** мектебіміздің денсаулығына байланысты үйде оқыту 1-сынып оқушысы Беркімбай Нұрсултанға Өзін-өзі басқару ұйымдастыруымен наурыз мерекесімен құттықтап және өздерінің сыйлықтарын табыстап баланың көңіл күйін көтеріп, ата-анасының алғысын алып қайтты оқушылар.

Мәлімет

Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты, Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде «Ұлы күні ұлыстың, басы болсын, ырыстың» атты іс-шарасы ұйымдастырылды.

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрмейтей білуге тәрбиелеу, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Мерекелік кешімізді мектеп директоры : Толегенов Ильяс Мамырұлы ағаймыз ашып беріп , ұстаздар мен оқушыларға құттықтау тілектерін айтып өтті. Наурыз мерексіне арналған мерекелік кешімізде ,кіп кішкентай бүлдіршіндеріміз Бектай Дінислам әуезді ән жолдап, Берікқали Томирис би билейді.

1- сынып оқушысы Жұмаділлә Каусар «Науры» әні

2ә-сыныбының оқушысы Сәрсенбай Мединаның «Наурыз» әні мен Қуанышбай Естайдың Жайлауда жүрген жігіт қой бағып 2а-сыныбы «Ана» әндерін орындады. Одан кейінгі

3-сынып оқушылары «Келіншек» биін керемет билеп шықты. Келесі кезекте оқушыларымыз қазақтың салт-дәстүрімен жалғастырды. 5а-сыныбы «Тұсау кесер», 6а - сыныбы «Ат қою» , 5ә-сыныбы «Сырға салу», 6ә-сыныбы «Би», 7-сыныбы «Қыз ұзату»,

9-сыныбы «Беташар» 11-сыныбы бастаңғы көріністерін көрсетіп қазақттың ұлттық салт-дәстүрлерін сипаттады.

Оқушыларыз керемет көңіл күй сыйлады. Ауылымыздың молдасы Жайлаубаев Азамат ұстаздарды ,оқушыларды наурыз мерекесімен құттықтап , жақсы тілегін айтты.

Мерекелік ісшарамыздың соңында 8-сынып Берікқали Нұрали домбырамен күмбірлетіп күй тартты. 9-сынып оқушысы Жайлаухан Нұрислам «Жаңа Қазақстан» әнін және 10-сынып оқушысы Қабыл Жансезім «Ауылым» атты әнін орындап көпшілікке керемет көңіл күй сыйлады.

ЗАҚСТА

Қазақстан-біздің жалғыз ғана Отанымыз
ҚАЗАҚСТАН

ЗАКС

АКС

ЗАҚСТА

KARAGAN

ЗАКО

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін беретін мектебінде

«Таза Қазақстан ,Түркістан-тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты тақырыпта мектепішілік экологиялық акциясы ұйымдастырылды.

Осы игі бастамаға сәйкес, мектебімізде әріптестерімізбен белсене көгалдандыру, арықтарды тазалау, ағаш егу , гүл егу жұмыстары жүргізілді

Мақсаты:Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тазалық сақтау, гүл егу, ағаш отырғызу ,қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарын











Мәлімет

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық Құрылтайда II,III отырысында "Өскелең ұрпақты жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, ұлт сапасы мен мәдениетін арттыру бойынша берген нақты тапсырмасына негізделген бұл Ұсыным" "Біртұтас тәрбие" бағдарламаасы аясында Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 3 мамыр күні "Таза Қазақстан" экологиялық акциясын қолдау мақсатында "Түлектердің ағаш егу" челенджі өткізілді. Қатысқан оқушылар саны 36. Егілген ағаш саны 36 дана.

Мәлімет

Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты 5-10 сынып оқушылар арасында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының аудандық слеті ұйымдастырылды, ұйымдастырылған : іс-шара Ленгір қалалық саябағында өткізілді. «Жас Ұлан» Әскери спорттық ойын кезеңі.

3 кезеңнен тұрды:

1. Тушылар
2. Сап түзеп жүру
3. Дабылшылар

Аудандық слетке 40-мектеп қатысты ішінде Жаңа-ұйым мектебін де ерекше дайындықпен қатысып керемет нәтижеге қол жеткізді. Әскери спорттық іс-шараға дайындаған жетекшісі: Аға тәлімгері Бектурова Рахат мадақтамамен марапатталды.
10-сынып оқушысы Қабыл Жансезім мен Ибадилла Балқия 2-орынға иеленді.
Сап түзеп жүру арасы бойынша 3-орынға иеленді. Оқушыларымыз аудандық марапатқа ие болды.

Ер есімі
Ел есінде

Ер есімі
Ел есінде

Ел есі



Ұлан

Бекітемін:
Мектеп директоры

_____И.М.Толегенов

Жаңаұйым жалпы білім беретін мектебіндегі

«Жеңіс деген шат күлкісі баланың»
атты іс-шара сценариі
Өткізілген: 06.05.2024 жыл уақыты сағат 12-00

Барысы:
- Фанфары ойналады

- Қазақстан Республикасының “Жас ұлан” ұйымының ту ортаға енгізілсін!

Жансейіт: Кеш жарық, ардақты азаматтар, аяулы ұстаздар, білімге құмар шәкірттер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 7 мамыр Отан қорғаушылар мерекесі, 9 мамыр Жеңіс күні мерекесі келіп жетті. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны абзал азаматтарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар өмірдің мәні, көңілдің жыры, әр отбасының алтын қазығы. Ендеше бүгінгі мерекелік кешіміз өздеріңізге арналады.
Жанна: Жүрекке адалдықтың ескен гүлін,
Ғажайып келешектің төккен үнін.
Ардақты ағаларға шын көңілден
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін - құрметті азаматтар, біздің мектептің ұстаздары, жігіттер! Сіздерді 7 мамыр Отан қорғаушылар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар! Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын! Қайратты, мақсатты болыңыздар! Еңбекте табыс тілейміз,- дей келе құттықтау сөз кезегін, мектеп директоры И.М.Толегеновке береміз.

Жанерке: Ел қорғайтын, ер ағалар
Ардағымыз, арымыз
Ерлер тойын, елдің тойын
Қарсы аламыз бәріміз!

Жансейіт: Көз тойғысыз қазағымның жері бар,
Ну орман, тауы, өзені, көлі бар.
Қазағымның жерін, елін қорғайтын,
Жас жеткіншек, ұланы бар, ері бар.

Жанна: Беріспей батыр бабам армандаған,
Арман күн, ел - жұртына жалғанда аман,
Қаншама құрбандықпен жеткен күнді,
Әлдиле, байтақ елім, орман - далам.
Жанерке: Жүреміз даңқты жолдармен
Қырандар бірге самғаған.
Әзірге кіші болғанмен
Ертеңгі ел қорғаны мен болам!
Жанна: Міне, осындай, егеменді еліміз,
Кең жазира, ұлан – байтақ жеріміз,

Туған елін, туған жерін сүйетін,
Біз қазақтың ұланымыз, еріміз!
Жанерке: «Жеңіс» деген – жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы,
Күрескердің арманы мен ұраны
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Жанна: Жаңғыртып әнмен аспан кеңістігін,
Халқымыз қуанышты тегіс бүгін
Жауды жаншып, Отанды азат еткен,
Құрметтеп қарсы алады Жеңіс күнін.

Жансейіт:Жеңіс... Ия, оны сан миллиондаған адамдар минуттап, сағаттап, сарыла күтті емес пе? Ақыры, олардың үміті мен сенімі ақталды. Тілектері орындалды. Бірақ, сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана, жарын жоғалтып жесір, бала әкесінен, анасынан айырылып жетім атанды. Фашистердің тұтқын лагеріне қаншама ана мен бала айуандықпен азаптап өлтірілді.

Жанна: Ал, тылда қалған қарттар, аналар мен бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы – қасіретін арқалай жүріп бірде аш, бірде тоқ, тынбай жұмыс істеді. Бірақ ешкімнің сағы сынбады. Небір сын сәттерде Отан үшін отқа кеудесін тосқан қазақ халқының батыр қыздары мен ұлдары Отанын қорғауда үлкен ерлік көрсетті. Олардың ерлік істерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауға тиіс.

Жанерке: Дәл осынау жадыраңқы жай күні,
Болса дағы қай ғасырдың қай жылы.
Ұлы Отаным басын ииіп бір минут,
Есіне алмақ сол бір апат қайғыны
(1 минут үнсіздік; үнтаспадан жай ғана Ұлы Отан соғысы туралы ән естіледі)

Келесі кезекті 10 сынып оқушысы Қабыл Жансезімнің дабыл қағуы

Жанна: Жеңіс күні бар әлемге әйгілі,
Көктем шуақ 9 - май күні.
Айтшы, кәне, біздің жеңіс шеруі,
Кездейсоқ па көктемге сай келуі.

Мектеп оқушыларының саптық жүріс кезеңіне назар аударыңыздар

Жанерке: Біздің Ұлы Жеңісіміз көктем боп,
Көңілдерге шұғыласын төккен көп.
Сонау жылы 9 май күні,
Алмастырған қуанышқа қайғыны.

Жанна: Бүгінгі күн – көптен күткен салтанатты күн, зымыраған уақыттың қанатында Жеңістің міне 77 - көктемі де келіп жетті.
77 жыл - бейбіт көктем таң атқалы,
77 жыл - шуақты күн таратты әнін.
77 рет - көктемде сонан бері,
Ашылды Жеңіс күннің парақтары.

Жанна: «21 июнь 1941 жыл»
21 маусым күні Оқушылардың мектеп бітіру кешінен қайтып келе жатқан сәті.
Жансейіт: Кенет радиодан: «Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған Москва! 1941 жылы 22 маусым фашистік Германия тұтқиылдан соғыс жариялап, елімізге басып кірді»
Жанна: «Соғыс, соғыс дейді, естідіңдер ме? Сұмдық - ай енді қайттық? Күніміз не болар екен?»
Жанерке: «Қойыңдар жамандық шақырмай. Ел шетіне жау тисе, арқа сүйер азаматтар бар емес пе?»

Жансейіт:

Ат басына күн туса,
Ауыздықпен су ішер
Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер – деген бар емес пе, жыламаңдар, жастарыңды тыңдар?
Бәрі: Отан үшін аттанайық!

Көрініс: /оқдауысы/
Жанерке: Қызы:- Ана, қарным ашты. Соғыс қашан бітеді? Менің әкем қашан келеді?
Жанна: Анасы: Құлыным - ау, бітеді ғой, шыдай тұр. Әкең жеңіспен оралады. Дүниедегі бар тәттіні саған әкеледі. Балмұздақ па, кәмпит пе, тәтті нан бәрін саған әкеледі.
Жанерке: Қыз: Қашан, ана? /жыламсырап/
Жанна: Анасы: Жақында. Ұйықтай ғой, қызым.

Жанерке: Көрініс: «Жеңіс» Музыка
Сүйінші, халқым, сүйінші! Неміс фашистері тізе бүгіп, жеңіліпті. Шынымен қарғыс атқан соғыстың біткені ме? Халық қуанысып, бір - бірінен сүйінші сұрасып жатады.

Жансейіт: Радио: Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған Москва! 1945 жылы 8 мамырда Германияның жоғарғы командованиесі жеңілгендігін мойындап актіге қол қойды. 9 мамыр жеңіс күні!

Соғысқа қатысқан аталарымызға құрметпен ескерткішке гүл қою сәтіне кезек береміз

Жансейіт: Жүргізуші: Күткен Жеңіс жарқ етті сәуле шашып,
Жеңіс келді, қуандық көңіл тойып,
Жауды жойып батырлар елге оралды,
Ата - анамен қауышты құшақ жайып.

Жанна: Мамыр келді ағаштар бүрін жарып,
Бейбіт өмір оралды күні жарық.
«Шүкір» деп әжелер жүр ақ жаулықтың
Ұшымен көздің жасын сығып алып.

Жанерке: Аспанда күн жарқырап күліп тұрды,
Бейбіт өмір шаттығы тұнып тұрды.
Соғыстан соңғы сәби күлкісімен
Қара күндер қайғысын ұмыттырды.

Келесі кезекті болашақ би тобына береміз “Шашу” биі

Жанна: Оқ пен оттан аман оралып, ортамызда жүрген ардагер ағаларымыз бен апаларымыз, аға ұрпақтың жауынгерлік және еңбектегі ерліктерін әрқашан мақтан тұтамыз.

Жансейіт: Жасасын жеңіс!
Бақытты елім күле бер!
Тәуелсіз болып болашағыңа жүре бер!
1 - 2-3 жүргізуші: Болмасын соғыс!
Болмасын соғыс!
Болмасын!
Осы тілекпен барша халық түрегел!
Жансейіт: Осымен сіздерге арнаған «Желбіре, Жеңіс жалауы» атты кешіміз өз мәресіне жетті.
Жанерке: Жеңістен жеңіске жетіп жүре беріңіздер!
Жанна: Қатысқан барлық ұстаздарға, оқушыларға алғысымызды білдіреміз!
1 - 2-3 жүргізушіЖеңіс туымыз көк аспанымызда желбірей берсін!

Мәлімет

Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты «Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде» 04.05.2024 жыл 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Адамдық борш ар үшін» атты тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Отан қорғаушылар күніне орай мектеп директоры И.М.Толегенов сөз сөйлеп, мерекемен құттықтады. Мақсаты: Оқушыларды болашақта өз Отанын, жерін қорғауға, елін сүйюге тәрбиелеу. Болашақта еліміздің қарулы күштері сапында қызмет етуге талпынысын ояту.

Оқушылардың «Сап түзеп жүру» сәті

Қош келдіңіздер

Қош келдіңіздер

Мәлімет

Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты «Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде» 06.05.2024 жыл 9-мамыр жеңіс күніне орай «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» атты іс-шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, елін қорғауға ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректік, отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеуге тәрбиелеу.

Салттанатты жиын мектептің алаңында орнатылған. Ұлы Отан соғысының құрбандарынын ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Еске алу үшін 1 минут үнсіздік жариаланды.

Мектеп директоры И.М.Толегенов Ұлы Отан Жеңіс күнімен құттықтады 8-сынып Тушылары әскери форма киіп ардагерлерге әскери –сапттық жүріс өнерлерін көрсетті. Салтанатты жиын мерекелік концертпен жалғастырылды.



1941-1945

Мәлімет

Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты «Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде» 25.05.2024 жыл «Мектебім саған мың алғыс» атты тақырыбында соңғы қоңырау салтанатты жиін өткізілді. Жиынға текқана 11-сынып түлектері қатыстырылды, сонымен бірге қонаққа қамқорлық кеңесінің мүшелері келді. Жиын барысында түлектерге қамқорлық мүшелері сынып жетекшісі Есимханова Индира апай, алғашқы ұстаздары Бекеева Бақыткүл және Қарабалаева Қарлығаш түлектерге өздерінің ақ тілектерін айтып түлектерге сәтті сапар тіледі.

Мнетеп директоры Толегенов Ильяс ағайымыз түлектерді мақтау қағаздармен марапаттады. Түлектеріміз ұстаздарға өз алғысын білдірді. Мерекелік іс-шара түлектердің концерттік бағдарламамен жалғасты. Мектеп ұжымы түлектерге файеде «Түлектер саябағы» фото галереясын ұйымдастырып түлектерге тосын сый жасады.

ЛЕКТЕР
АЯБАЛЫ